

**Бағдарламаларды (жобаларды) қаржыландыру (несиелендіру) үшін
республикалық бюджеттен берілген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын
тексерудің жекелеген мәселелері**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 12 шілде N 104-е. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.12.10. N 175 өкімімен. ~R990175

Бағдарламаларды (жобаларды) қаржыландыру (несиелендіру) үшін берілген мемлекеттік қаражаттың орын алып отырған мақсатсыз пайдаланылуы мен жекелеген лауазымды тұлғалардың тарапынан болған қызметін теріс пайдалануға байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңының талаптарын іске асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Қаржы министрлігі он күндік мерзімде мұдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үкіметіне, бұл ретте оның міндеті қорларға, республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға және мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғамдарға олар бағдарламаларды (жобаларды) одан әрі қаржыландыруы (несиелендіруі) үшін республикалық бюджеттен берілген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қаржылық тексеру деп көздең, мемлекеттік органдардың мамандары қатарынан Бюджеттік қаражаттың

мақсатты орындалуын тексеру жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын енгізсін.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК